

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 91 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 наурыздағы № 3722 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 19.04.2019 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабы 6) тармақшасына, 27 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында, Т.Рысқұлов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екі пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына қосымшаға сәйкес квота белгіленсін.

2. "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 37 қаулысының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3316 болып тіркелген, "Құлан таңы" газетінде 2017 жылы 27 ақпанда № 17 (7291) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлпеисов Бейсенбек Әшімалыұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Қрыкбаев

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 14 ақпандағы
№ 91 қаулысына қосымша

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квоталары

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота мөлшері	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны
1	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	72	2%	1
2	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Ш. Уалиханов атындағы шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2%	1
3	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Абай атындағы шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	81	2%	2
4	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Райымбек Смаилов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	2%	1
5	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің "Алтын сақа" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50	2%	1
6	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	2%	1
7	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	81	2%	2
8	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің №5 шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2%	1
9	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің А. Байтұрсынов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2%	2
10	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің №3 шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2%	1
11	"Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Қорағаты шағын орталықты орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	65	2%	1
	Барлығы:	763		14